7120901413

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2021 жылғы 11 наурыз №5165-21-00-2/143 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.О.Таштеновтің,
сот отырысының хатшысы Е.Алпысбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Корпорация «Сити-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРДІҢ ЖАҒЫНДА ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Фараб құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алу шартын бұзу әрекетін заңсыз деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Ж.Егембердиев
талап қоюшының өкілі Ж.Коишманов
жауапкердің өкілі Н.Назаров
үшінші тұлғаның өкілі К.Расилов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – жауапкер) мен «Корпорация «Сити-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – талап қоюшы) арасында Түркістан қаласы, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының «Гауһар-ана» кесенесі

DOC24 ID KZEGI4F20210000036520444 8D
Данный электронный документ с УНД KZEGI4F20210000036520444 8D подписан с использованием ЭЦП НУЦ РК и сервиса doc24.kz
Для проверки электронного документа перейдите по ссылке
https://doculite.kz/landing?verify=KZEGI4F20210000036520444 8D

аймағынан қызметкерлерге арналған жатақханасымен сапар орталығының құрылысын салу жұмысы бойынша 2020 жылғы 29 мамырда №38 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) және оған қосымша 2020 жылғы 11 маусымда №41 санды келісім жасалған.

Талап қоюшы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылғы 9 маусымда азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын ұсынған.

2020 жылғы 19 тамыздағы №62 санды шартқа сәйкес осы құрылыс жұмыстардың техникалық қадағалаушысы болып «Фараб құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – үшінші тұлға) айқындалған.

Жауапкер 2020 жылғы 9 қыркүйекте құрылыс жұмыстарын бастау үшін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқарамсына хабарлама жолдаған.

Алайда, 2020 жылғы 20 қазанда жауапкер талап қоюшының шарттың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жіберген.

Одан бөлек, 2020 жылғы 26 қазанда шартты біржақты бұзу туралы және осыған байланысты құрылыс жұмыстарын тоқтату жөнінде жазбаша хатты қолма-қол табыстаған.

Соңында 2020 жылғы 21 желтоқсанда электронды порталда шарттың біржақты бұзылғаны жарияланған.

Талап қоюшы жауапкердің шартты біржақты бұзу әрекетімен келіспей, оны заңсыз деп тану туралы сотқа талап қою арызымен жүгініп, оның негізінде шарттың орындалуын қамтамасыз еткенін, алайда жауапкер негізсіз және тәртіп пен талаптарды сақтамай шартты заңсыз бұзғанын көрскеткен.

Жауапкер қарсы пікірінде талап қоюшы шартта көзделмеген шарттың орындалуын қамтамасыз етудің түрін ұсынғанын, сондықтан шарт біржақты бұзылғанын көрсеткен.

Үшінші тұлға сотқа жазбаша пікір ұсынбады.

Талап қоюшының өкілі Ж.Коишманов сотта талап қою арызын қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі Н.Назаров талап қою арызын мойындамай, талап қоюшы шарттың орындалуын қамтамасыз етпегенін айтып, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің хаттарына сілтеме жасап, талапты қанағаттандырмауды сұрады.

Үшінші тұлғаның өкілі К.Расилов жауапкердің хабарламасына сәйкес құрылысқа техникалық қадағалау жұмыстары тоқтатылғанын, орындалған жұмыстар жайлы құжаттар рәсімделмегенін айтты.

Құжатқа қол қойылған: Таштенов Н. О., 18.03.2021
DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D
5165-21-2-1/113
Данный электронный документ DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D
подписан с использованием ЭЦП НУЦ РК в сервисе Doculite.
Для проверки электронного документа перейдите по ссылке:
https://doculite.kz/landing?verify=KZEGI4F202100000365204448D

Жауапкер сотқа арызбен жүгінуге арналған мерзімнің өтуін қолдану жайлы арыз берді.

Прокурор талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыру жөнінде қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 292-бабының 1-тармағына сәйкес азамат және заңды тұлға мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) сотта дау айтуға құқылы.

АПК-нің 227-бабының 1-бөлігіне сай сот мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) және шешімдерінің заңсыздығы туралы арызды негізді деп танып, арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 43-бабының 11-тармағына сәйкес өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) тапсырыс берушінің банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарнаны;

2) электрондық құжат нысанында берілетін банк кепілдігін таңдауға құқылы. Осы Заңның 39-бабы 3-тармағының 4), 9), 17), 18), 20), 21), 23), 26), 31), 32), 35), 40) және 41) тармақшаларында және 50-бабында көзделген жағдайларда банк кепілдігін қағаз жеткізгіште беруге жол беріледі;

3) уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша бекітетін, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсаттары үшін үлгілік сақтандыру шартына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын таңдауға құқылы.

Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің дәл осындай түрлерін таңдау құқығы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағида) 402-тармағында да қарастырылған.

Ал, шарттың 4.1-тармағына сәйкес 10 жұмыс күні ішінде, яғни 2020 жылғы 13 маусымға дейін шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін

Құжатқа қол қойылған: Таштенов Н. О., 18.03.2021
DOC24 ID KZEGI4F20210000003652044 48D
5165-21-2-1/113
Данный электронный документ DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D
подписан с использованием ЭЦП НУЦ РК в сервисе Doculite.
Для проверки электронного документа перейдите по ссылке:
https://doculite.kz/landing?verify=KZEGI4F202100000365204448D

шарт сомасының 3% көлемінде кепілдік ақшаны немесе банк кепілдігін ұсыну көзделген.

Шарттың 9.5-тармағында шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеу жолымен шартты жасасудан жалтарса шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін деп көросетілген.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылғы 9 маусымда азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын ұсынған.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өзімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындайтындығының кепілі ретінде енгізеді.

Сондықтан сот, бастысы жауапкердің Заңда және Қағидада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етудің түрлерінің бірін таңдап, уақытылы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын ұсынғаны шарттың мақсатына сай келеді деп санайды.

Ал, шарт талаптарына келер болсақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 383-бабының 1-тармағына сай шарт тараптар үшін оны жасасу кезінде қолданылып жүрген заңдармен белгіленген міндетті ережелерге (императивтік қалыптарға) сәйкес келуге тиіс.

Бұл жағдайда, сот талап қоюшы шарттың орындалуын қамтамасыз етпеу жолымен шарт жасасудан жалтарды деген тұжырымға келе алмайды.

Одан бөлек, сот жауапкермен шартты біржақты бұзу тәртібі сақтамаған деп санайды.

Себебі, Заңның 43-бабының 9-тармағына ссәйкес бұл ретте тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өнім берушіге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы осы шартты бұзу ниеті туралы хабарлама жібереді. Егер өнім беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы хабарлама алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші осы шартты бұзу туралы хабарлама жібереді.

Сондай-ақ, Қағиданың 416-тармағына сай шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбеу жолымен шарт жасасудан жалтарған жағдайда, оны кез келген кезеңде бұзу туралы шартты қамтуы тиіс. Бұл ретте тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде веб-портал арқылы өнім берушіге шартты бұзуға ниеттілігі туралы хабарлама жібереді. Егер өнім беруші веб-портал арқылы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын

Құжатқа қол қойылған: Таштенов Н. О., 18.03.2021
DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D
5165-21-2-1/113
Данный электронный документ DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D
подписан с использованием ЭЦП НУЦ РК в сервисе Doculite.
Для проверки электронного документа перейдите по ссылке:
https://doculite.kz/landing?verify=KZEGI4F202100000365204448D

қамтамасыз етуді енгізбесе, тапсырыс беруші шартты бұзу туралы хабарлама жібереді.

Ал, сотта анықталғандай, талап қоюшы белгіленген мерзімнен кешіктірмей шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын ұсынған.

Жауапкер өз кезегінде оны ешбір мінсіз қабылдаған, 2020 жылғы 29 мамырда №38 санды қосымша келісім жасасқан, тіпті құрылыс жұмыстарын бастау үшін мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқарамсына хабарлама жолдаған.

Тек, арада 5 айға жуық уақыт өткен соң, аванс қаржы беру мәселесіне келген кезде, шарттың орындалуын қамтамасыз етпеу жолымен шарт жасасудан жалтарғаны үшін портал арқылы шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жіберген.

Одан бөлек, ол хабарламаны порталға жариялаған кезден бастап талап қоюшыға шарттың орындалуын қамтамасыз етудің басқа түрімен ауыстыруға да жол берілмеген.

Демек, жауапкердің әрекетінен талап қоюшының Заңда және Қағидада көзделген құқықтары өрескел бұзылған.

Сот жауапкердің шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жіберілген күннен, порталда шарттың бұзылғаны жарияланғанға дейін талап қоюшының шағым айтпағаны жайлы уәжін негізсіз деп санайды.

Себебі, талап қоюшы 2020 жылғы 3 және 6 қарашада шығыс №600, №635 санды жауапкерге, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне дауды шешу және шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыру жайлы хаттар жолдаған, алайда олар қолдау таппаған.

Сот жауапкердің Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің хаттарына сілтеме жасауын негізсіз деп санайды, себебі онда келтірілген тұжырымдардың басқа дәлелдемелердің алдында сот үшін қандай да бір артықшылық мәні жоқ.

Сондай-ақ, сот жауапкердің сотқа арызбен жүгінуге арналған мерзімнің өтуі жайлы арызымен келіспейді.

Себебі, АПК-нің 294- бабының 1-бөлігінде азамат және заңды тұлға құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа арызбен жүгінуге құқылы екені көрсетілген.

Сот, АК-нің 173-бабына сай уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің өтуі күнтізбелік күннен немесе мерзімнің басталуы белгіленген оқиға болғаннан кейінгі келесі күннен басталатынын, жауапкер 2020 жылғы 20 қазанда портал арқылы шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жібергенін, ол туралы жазбаша хабарламаны талап қоюшы 2020 жылғы 26 қазанда алғанын және шарттың бұзылғаны жайлы 2020 жылғы 21

Құжатқа қол қойылған: Таштенов Н. О., 18.03.2021
DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D
5165-21-2-1/113
Данный электронный документ DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D
подписан с использованием ЭЦП НУЦ РК в сервисе Doculite.
Для проверки электронного документа перейдите по ссылке:
https://doculite.kz/landing?verify=KZEGI4F202100000365204448D

желтоқсанда жарияланғанын назарға ала отырып, талап қоюшы 2020 жылғы 21 қаңтарда аталған талап қою арызымен сотқа жүгіну мерзімін өткізбеген деп санайды.

Жоғарыдағылардың негізінде, сот жауапкердің мемлекеттік сатып алу шартын бұзу әрекетін заңсыз деп табады, сондықтан талап қоюшының талабын қанағттандыру қажет деп табады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Корпорация «Сити-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Корпорация «Сити-Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы 2020 жылғы 29 мамырдағы №38 санды мемлекеттік сатып алу туралы шартын біржақты бұзу әрекеті заңсыз деп танылсын.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беруі мүмкін.

Судья **Н.О. Таштенов**

Құжатқа қол қойылған: Таштенов Н. О., 18.03.2021

DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D

5165-21-2-1/113

Данный электронный документ DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D
подписан с использованием ЭЦП НУЦ РК в сервисе Doculite.
Для проверки электронного документа перейдите по ссылке:
https://doculite.kz/landing?verify=KZEGI4F202100000365204448D

Данный электронный документ DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D подписан с использованием электронной цифровой подписи, посредством информационной системы«Казахстанский центр обмена электронными документами» Doculite.kz.

Для проверки электронного документа перейдите по ссылке:
https://doculite.kz/landing?verify=KZEGI4F202100000365204448D

Тип документа	Исходящий
№ документа	№01-01/104
Отправитель	Республиканское государственное казенное предприятие «Государственный историко-культурный заповедник-музей «Азрет Султан» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, 990340004423
Получатель(-и)	Министерство финансов Республики Казахстан
Электронные цифровые подписи документа	"Республиканское государственное казенное предприятие «Государственный историко-культурный заповедник-музей «Азрет Султан» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан" Подписано: Заместитель директора по АХЧ Нурханов Б. У. MIIWIwYJ...QcUtz2w== Время подписи:01.07.2021 13:11
	"Республиканское государственное казенное предприятие «Государственный историко-культурный заповедник-музей «Азрет Султан» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан" Подписано канцелярией: Референт Ерғалиева А. Е. MIIWbQYJ...odNplByoY Время подписи:01.07.2021 13:20

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

DOC24 ID KZEGI4F202100000365204448D